Қ.Т.Ә-9-01



# Тәуелсіздік – ұлт рухының бастауы

Тәуелсіздік - ұлт рухының бастауы деген сөзді түсінікті түрде айтқанда тәуелсіздік - еліміздің (болашағымыздың) жақсы түрде дамуы немесе жалғасуы. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз жақсы қарқыннан, ешкімге, еш нәрсеге, тәуелді болмай дами бастады. Біздің ұлт рухымыз бен болашағымыздың қарқынды дамуы тәуелсіздікке байланысты. Менің ойымша еліміз тәуелсіздік алмаса, біз қазіргі замандағыдай еркін өмір сүре аламыз деп ойламаймын. Қазақстан Республикасында „Тәуелсіздік күнін" жыл ресми негізгі мемлекеттік мереке ретінде аталатын -16 желтоқсанда, 1998-інші жылдан бері тойлайды.

Тәуелсіздік кезінде тәуелсіздіктің тұғыры болған тұлғаларды да ұмытпайық, себебі нақты сол кісілер біздің тәуелсіздігімізді алуымызға себепші немесе барын салып, үлестерін қосқан адамдар. Біздің ортақ тағдырымыз, мәңгілік ел болу арқылы тұрады, ал біз мәңгілік ел болу үшін ешкімге тәуелді болмай, өзіміздің атазанымыз бен бейбітшілікте өмір сүру керекпіз. Тәуелсіздік деген сөзге синоним ретінде мәңгілік ел деген сөзді алсақ болады, мәңгілік ел - ата-баба арманы, мәңгілік ел жоспарланады және біріктіреді. Сондай-ақ рух атауының бастауы да, қорғаушысы да тәуелсіздік. Тәуелсіздік бізге әдекімдер айтқандай „аяғы аспаннан салбырап түсе қалған" оңай олжа болған жоқ! Адамзаттың, мемлекеттердің тұтастай даму тарихына үңілер болсақ, азаматтық үшін, бостандық үшін, тәуелсіздік үшін күрестің талассыз жүргізілетінін байқаймыз. Тіпті, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де оны сақтап қалу, баянды ету, ұрпаққа аманаттау - ұлы борыш. Міне, біздің Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына биыл отыз жыл толады. Бұл бір қарағанда тым аз ғантай мерзім. Алайда осы отыз жылда Қазақстан аяғынан қаз тұрып қана қоймай, әлемдік өркениетте орны бар әлеуметті мемлекет ретінде қалыптасты. Экономикасы дамыды, әлеуметтік жағдайды нығайтып, елдің еңсесі көтерілді.